

Искакова Куралай Амангельдиновнаның
«8D02304 – Филология» білім бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған
«Әбіш Кекілбаевтың полидискурсивтік тілдік тұлғасы»
диссертациясының
АҢДАТПАСЫ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыс Әбіш Кекілбаевтың тілдік тұлға болмысының дискурстық қызметі ерекшеліктерін полидискурсивтік (көп дискурсты) тұрғыдан көрінуін зерттеуге және жазушының әлем бейнесін талдау негізінде оның негізгі құндылық бағдарларын анықтауға арналған.

Жазушының тілдік тұлғасын зерттеудің теориялық негізі ретінде тілдік тұлға теориясы мен дискурс теориясының тұжырымдары және әдістемесі алынды.

Тілдік тұлға теориясы лингвистикада терең зерттеліп, жақсы дамыған бағыттардың бірі болып табылады. Бүгінде ғалымдар тарапынан тілдік тұлғаның әртүрлі типологиялары мен модельдері ұсынылған.

Ұсынылып отырған диссертациялық зерттеу Ю.Н.Карауловтың тілдік тұлға теориясына негізделген. Ғалым жасаған тілдік тұлғаның моделі – деңгейлері өзара әрекеттесетін және тілдік тұлғаның танымдық үдерістеріне әсер ететін құрылым. Бірінші деңгей – семантикалық деңгей және бұл жерде тілдік тұлғаның тіл туралы негізгі білімі, яғни грамматикалық құрылымдар, ережелер, сөздердің мағыналары туралы білімі болады. Бұл деңгейде әрбір тұлғаның лексикалық, грамматикалық білімінің қоры мен оның өз ойын жеткізу үшін тілдік құралдарды таңдау және пайдалану біліктері көрініс табады. Екінші танымдық деңгей тілдік тұлғаның тәжірибе, білім, мәдени норма, құндылық бағдарларына негізделіп қалыптасқан танымдық сызбаларды, модельдерді, тілдік тұлғаның әлем бейнесін қамтиды. Бұл деңгей тілдік тұлғаның қоршаған әлеммен өзара әрекеттесуі мен белгілі бір дәрежеде оған әсер ете білу қабілетін көрсетеді. Үшінші деңгей – прагматикон, тілдік тұлғаны коммуникативті мақсаттарға жету үшін тілдік құралдарды қалай және қашан қолдану керектігін түсіне білуін көрсетеді. Бұл деңгейде белгілі бір мәнмәтінге, тілдік тұлғаның әлеуметтік рөліне және қарым-қатынас мақсаттарына тәуелді болып табылатын өзара әрекеттесудің коммуникативті стратегиялары қалыптасады.

Тілдік тұлға және дискурс теорияларының тығыз байланысы зерттеуіміздің аясын кеңейтіп, коммуникативтік қызметтегі жазушының тілдік тұлғасының динамикалық көріністерін орталық мәселе ретінде қарастыруға негіз болып отыр. Осыған байланысты жазушы Әбіш Кекілбаевтың тілдік тұлғасын өзін дискурстың бірнеше түрінде тең дәрежеде жүзеге асырған, сол арқылы өзін "дискурстық тұлға" ретінде танытқан тілдік тұлғаның сипаттамаларын біріктіретін феномен деп танимыз. Ал оның қалыптасуына әсер еткен экстралингвистикалық факторларды, оның ішінде Ә.Кекілбаевтың қоғамдық-саяси қызметін ескере отырып, біз жазушының тілдік тұлғасын полидискурсивтік (көп дискурсты) деп анықтаймыз.

Тілдік тұлға (саясаткер, зерттеуші, публицист) қоғамдық-саяси қызметін жүзеге асыру барысында әртүрлі әлеуметтік рөлдер атқару арқылы түрлі дискурстарды тудырады, бұл өз ретінде тілдік тұлғаның полидискурсивтік (көп дискурсты) кеңістігін қалыптастыруға әкеледі.

Ә.Кекілбаевтың тілдік тұлғасының полидискурсивтік (көп дискурсты) кеңістігі жазушының тілдік тұлғасының дискурстық тәжірибесінің нәтижесі ретіндегі дискурстың әртүрлі типтерінің жиынтығы мен дискурстың типтерін қамтиды, олардың ішінде автор қолданысында ең жиі кездесетіндері – көркем, публицистикалық, саяси, ғылыми (оның кіші типі – ғылыми-танымал) дискурстар. Дискурстың әртүрлі типін жүзеге асырудың прагматикалық бағыты, мазмұндық компоненті, жанрлық байланысы оларды ажыратуға негіз болып табылады. Зерттеліп отырған дискурстар Әбіш Кекілбаевтың тілдік тұлғасының полидискурсивті (көпдискурсты) портретінің негізін құрап, оның тілдік тұлғасының полидискурсивті кеңістігінің моделін жасауға арқау болды.

Зерттеу барысында Ә.Кекілбаевтың өз тілін әртүрлі коммуникативтік жағдайларға және мақсатты аудиторияларға бейімдеуде бірегей қабілеті бар екені анықталды. Алынған нәтижелер Ә. Кекілбаевтың полидискурсивтік тілдік тұлғасының лингвистикалық ерекшелігі, ең алдымен, авторлық интенцияны беруде жанрлық-стистикалық, грамматикалық және лексикалық деңгейлерде көрініс тауып, автордың тілдік тұлғасының күрделілігін және оның полидискурсивтік сипатын көрсетеді.

Зерттеудің өзектілігі. Қоғам дамуының қазіргі әлемдік геосаяси жағдайындағы өзгерістер экономикалық, әлеуметтік салалармен қатар адамзаттың рухани жан дүниесін де дағдарыстың жоғары деңгейіне әкелгенімен сипатталуда. Зерттеу объектісі ретінде Ә. Кекілбаевтың тілдік тұлға болмысының дискурста көрініс табуы мәселесін таңдау еліміздегі рухани, білім, мәдениет салаларындағы Мемлекеттік бағдарламалар мен тұжырымдамаларда алға тартылып отырған бірнеше сұранысқа жауап береді. Атап айтқанда, ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 24 қарашадағы № 1039 қаулысымен бекітілген «2030 жылға дейінгі жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру тұжырымдамасында» жастардың жоғары руханилығы, адамгершілігі, белсенді азаматтық ұстанымы, патриоттық санасы біздің еліміздің қуатын нығайтуға байланысты міндеттерді табысты шешуге зор үлес қосатыны айтылған. Руханиятты арттыруға, ұлттық сананы дамытуға негізделген өскелең ұрпақты тәрбиелеудің тәсілдері алдыңғы ұрпақтардың мұрасы мен тәжірибесін зерттеуді көздейді. Осыған байланысты Ә.Кекілбаев және оның қазақ әдебиетінің классикасына енген әдеби мұрасы, өмір жолы, тәжірибесі, мұраттары мен құндылықтары патриотизмнің, рухтың төзімділіктің, өз мұраттарына деген адалдықтың үлгісі болып табылады.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылғы 15 наурызда Ұлттық Құрылтайдың III отырысында сөйлеген сөзінде жоғары мақсаттарға қол жеткізу үшін халық бірлігін нығайтудың маңыздылығын атап өтіп, бұл мәселеде: «Тәуелсіздік, Республика сияқты мемлекеттілігіміздің идеалдарын қамтитын жалпы ұлттық құндылықтар мен негізгі ұғымдарға баса назар аудару маңызды», - деп көрсетті.

Бұл істе өскелең ұрпақты тәрбиелеу мәселелеріне назар аудару қажет, олар үшін «жалпы ұлттық мүдделерді жеке мүдделерден жоғары қоятын адамдар болуы керек». Жарқын мысал ретінде Президент атақты жазушы, көрнекті мемлекет қайраткері Ә.Кекілбаевты атады. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Бірегей тұлға және халқымыздың рухани өмірінде қайталанбас із қалдырған, мемлекетіміздің дамуына зор үлес қосқан классикалық жазушы Әбіш Кекілбаев зиялы және дана адам болған», - деп атады.

Сонымен қатар Ә.Кекілбаевтың тілдік тұлғасын зерттеу ғылыми білімнің қазіргі даму тенденцияларына да сәйкес келеді. Қазіргі лингвистиканың негізгі қағидасы болып табылатын антропоцентризм адамды жеке қасиеттерімен қатар оның тілдік жүйені, тілдің мүмкіндіктерін пайдаланудағы жеке мәнерлерін зерттеуді көздейді.

Жазушының мұрасын, көзқарасын, дүниетанымын, өз идеяларын айтуындағы тілдік құралдарды қолдану ерекшеліктерін жан-жақты зерттеу Қазақстанның көрнекі тұлғаларына арналған ғылыми білім қорын байыта отырып, ұлттық сананы қалыптастыруда өзіндік үлесін қосады деп білеміз.

Зерттеудің мақсаты – жазушының қоғамдық-саяси қызметіне негізделген дискурстық қызметін талдау арқылы Ә.Кекілбаевтың тілдік тұлғасының полидискурсивтік (көп дискурсты) сипатын анықтау.

Жұмыстың мақсатына сай зерттеуде келесі міндеттер қойылады:

- «тілдік тұлға», «дискурстық тұлға» категорияларының мазмұнын және олардың ара қатынасын анықтау;

- «полидискурсивтік (көп дискурсты) тілдік тұлға» ұғымын және онымен байланысты мына ұғымдардың мазмұнын нақтылау: «полидискурсивтілік (көп дискурстылық)», «полидискурсивтік (көп дискурсты) кеңістік», «тілдік тұлғаның полидискурсивтік (көп дискурсты) кеңістігі»;

- тілдік тұлғаға тән белгі ретіндегі полидискурсивтілікті (көп дискурстылықты) және Ә.Кекілбаевтың тілдік тұлғасының полидискурсивтік (көп дискурсты) сипатын анықтау;

- Ә. Кекілбаевтың полидискурсивтік (көп дискурсты) тілдік тұлғасын қалыптастырудың негізгі экстралингвистикалық факторларын анықтау;

- жазушының қоғамдық-саяси қызметі барысында тілдік тұлға болмысының дискурста көрінуі зерттеліп отырған дискурс түрлерінің (публицистикалық, ғылыми-танымал, саяси дискурс) талдауын негізге ала отырып, Ә.Кекілбаевтың тілдік тұлғасының полидискурсивтік (көпдискурсты) кеңістігінің моделін жасау;

- «Қазақстан» концептісін жазушының әлем бейнесінің дискурс құраушы концептісі ретінде айқындау және Ә.Кекілбаевтың полидискурсивті (көп дискурсты) тілдік тұлғасының идиоглоссарийі негіздерін жасау.

Диссертациялық зерттеудің **объектісі** – дискурста көрініс табатын Ә.Кекілбаевтың тілдік тұлғасы.

Зерттеу пәні – дискурста көрініс табатын Ә.Кекілбаевтың тілдік тұлғасының лингвакогнитивтік сипаттамалары.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздерін тілдік тұлғаны зерттеу әдіснамасы мен теориялық тұжырымдамаларын қамтитын кешенді тәсілдер (В.В. Виноградов, С.Г. Воркачев, Ю.Н. Караулов, Г.И. Богин, О.Б. Сиротинина, Т.А. Кочеткова, Р. Сыздыкова, Е. Жанпейисов, К. Жумалиев, Н.И. Гайнуллина, Ф. Терекова, А. Ислам, Г.А. Муратова, Ж.А. Манкеева, А. Кушкимбаева және т.б.); **дискурс теориялары және дискурс-талдау** (П. Серио, М. Фуко, Д. Хаймс, Н. Фэркло, Р. Водак, Т. ван Дейк, Н.Д. Арутюнова, М.М. Бахтин, А.П. Чудинов, Е.С. Кубрякова, В.А. Маслова, Е.И. Шейгал, С.Е. Исабеков, А.Е. Карлинский, К.К. Садирова, Г.Н. Смагулова, А.В. Амирова, К. Есенова, А.Е. Саденова, С.С. Исакова, А.М. Жумагулова және т.б.); **дискурс типологиясы** (Н. Уали, Г.Г. Буркитбаева, В.А. Звезгинцева, Е.И. Шейгал, Б.А. Ахатова, К.К. Кенжеханова, Н.К. Култанбаева и др.); **прагмалингвистика** (К.О. Есенова, Б. Калиулы, Г.А. Муратова және т.б.) құрайды. Алға қойған міндеттер аясында әлемнің авторлық бейнесін зерттеудің негізі ретінде **когнитивті лингвистиканың** теориялық тұжырымдары мен (Дж. Лакофф, Ч. Филлмор, Т. ван Дейк, Н.Н. Болдырев, В.И. Карасик, Е. С. Кубрякова, Б. Калиулы, Н. Уали, Ж.А. Манкеева, К.К. Дуйсекова, К.К. Садирова, К.А. Жаманбаева, Г.А. Муратова, Э.Д. Сулейменова және т.б.) **сөйлеуді портреттеудің** теориялық негіздері (Ю.Н. Караулов, М.В. Китайгородская, Н.Н. Розанова, Е.В. Корниенко және т.б.) алынды.

Ұсынылып отырған жұмыста қойылған мақсатқа қол жеткізу және зерттеу міндеттерін орындау үшін зерттеу әдістерінің кешені пайдаланылды, оның ішінде: дискурс-талдау, құрылымдық талдау, аналитикалық-синтетикалық әдіс. Аталған әдістерден басқа Ә. Кекілбаевтың тілдік тұлғасының табиғатын зерттеу мақсатында контекстік (мәтіндік фрагменттер түрінде мысалдар келтіру үшін), когнитивтік (автордың концептік аясын, негізгі концептілерін нақтылау үшін), лингвамәдени (тілдік және тілдік емес аспектілер арасындағы байланысты зерттеу үшін), аксиологиялық (құндылық категориялары мен автордың идеологемаларын зерттеу үшін), лингвистикалық (қолданылған тілдік құралдар мен стилистикалық әдістерді зерттеу үшін) талдау және модельдеу әдісі (зерттеу міндеттерін де қарастырылған әртүрлі модельдерді құрастыру кезінде) қолданылды. Зерттеудің эксперименттік бөлігін орындау кезінде еркін ассоциативті эксперимент әдісі және сауалнама таңдалды.

Зерттеу материалы ретінде Ә. Кекілбаевтың тілдік тұлғасының полидискурсивтік (көп дискурсты) кеңістігін анықтау үшін жазушының «Заманмен сұхбат ой толғамдар» атты жарияланымдар жинағында ұсынылған шығармалар талданды (Алматы: Жазушы, 1996. –592 б.), «Ұйқыдағы арудың оянуы: [тарихи публицистикалық очерктер жинағы]» (Алматы: Қазақстан, 1979. –168 б.), «Тіл және Тәуелсіздік» (Астана: Ата-Дәулет, 2007. –296 б.), «Дәуір дауысы: мақала, эссе, толғаулары» (Астана, 2016. –592 б.), сондай-ақ «Егемен Қазақстан», «Лениншіл жас»,

«Казахстанская правда», «Новое поколение», «Ақиқат», «Жұлдыз», «Ақ желкен», «Қазақстан әйелдері», «Тіл және қоғам», «Ана тілі» газеттеріндегі жарияланымдар, «Жалын» және оның электрондық порталындағы мақалалар: <https://bilim-all.kz/figure/245?posts=article> (Әбіш Кекілбаев еңбектері – Bilim-All). Беттер санының жиынтық көрсеткіші – газет және электрондық дерек көздерді қоспағанда, 103,4 баспа парағын құрады. Талданған басылымдардың жалпы санынан: публицистикалық дискурс – 65%, саяси дискурс-22%, ғылыми-көпшілік-13%. Оның ішінде: публицистикалық дискурс жазушының 60-қа жуық басылымында зерттелді; саяси дискурс – 16 басылым, оның ішінде жазушының Парламенттегі сайлау науқандары, жазушының саяси тақырыптағы сұхбаттары және ғылыми дискурс 10-нан астам басылымда, оның ішінде сыни мақалалар, ғылыми-практикалық конференциялардағы баяндамалар.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. «Тілдік тұлға» және «дискурстық тұлға» ұғымдары өзара тығыз байланысты. Байланыс нүктесі – коммуникацияны жүзеге асыру үшін тілдік құралдарды таңдау толығымен дискурс авторының жеке тұлғасына, мақсаттары мен көзқарастарына, коммуникативтік актіні жүзеге асырудың әлеуметтік контекстіне, жеке тұлғаның мінез-құлқына, дүниетанымына байланысты деген идея.

2. Тілдік тұлғаға тән белгі ретіндегі полидискурсивтілік (көп дискурстылық) оның дамуын анықтайтын, дискурсты қалыптастыратын әлеуметтік факторға байланысты. Тілдік тұлғаның әртүрлі әлеуметтік рөлдері түрлі дискурс тудырады және ол өз кезегінде тілдік тұлғаның полидискурсивтік (көп дискурсты) кеңістігін қалыптастыруға ықпал етеді. Полидискурсивтілік кез келген тілдік тұлғаға тән әмбебап сипат болып табылады.

3. Полидискурсивтік (көп дискурсты) кеңістік – бір тілдік тұлғаның дискурстық тәжірибесінің нәтижесі болып табылатын дискурстардың әртүрлі типтерінің жиынтығы. Әбіш Кекілбаевтың тілдік тұлғасының полидискурсивтік (көп дискурсты) кеңістігі – доминант-дискурстар арқылы ұсынылған: көркем, публицистикалық, саяси, ғылыми-танымал дискурс түрлері. Дискурстың әртүрлі типтерін жүзеге асырудың прагматикалық бағыты және олардың мазмұндық құрамдас бөлігі мен жанрлық байланысы оларды бөліп көрсетуге негіз болып табылады.

4. Әбіш Кекілбаевтың полидискурсивтік (көп дискурсты) тілдік тұлғасының лингвистикалық ерекшелігі, ең алдымен, авторлық ниетті көрсетудің жанрлық-стилистикалық, грамматикалық және лексикалық деңгейлерінде көрініс табады.

5. «Қазақстан» концептісі Ә.Кекілбаевтың тілдік тұлға әлемі бейнесінің дискурс құраушы концептісі болып табылады. Тілдік тұлға мен дискурс әлемнің авторлық бейнесін көрсететін жеке құндылық координаттарында (концептілер, идиоглосс) қалыптасады.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы. Диссертациялық жұмыста 1) алғаш рет Ә.Кекілбаевтың қоғамдық-саяси қызметіне сүйене

отырып, оның қалыптасуының экстралингвистикалық факторы ретінде жазушының тілдік тұлғасының полидискурсивтік (көп дискурсты) сипаты айқындалады; 2) Әбіш Кекілбаевтың дискурстық тәжірибелерін кешенді талдау негізінде оның қоғамдық-саяси қызметіне сүйене отырып, дискурстардың негізгі публицистикалық, саяси, ғылыми-танымал түрлері ажыратылады. Ә. Кекілбаевтың полидискурсивтік (көп дискурсты) тілдік тұлғасының портреті жасалып, полидискурсивтік (көп дискурсты) кеңістіктің моделі жасалады, онда полидискурсивтік (көп дискурсты) тілдік тұлға ретінде анықталып отырған тілдік тұлға жүзеге асырылады; 3) алғаш рет жазушының тілдік тұлғасының дискурстық тәжірибесінде ғылыми-танымал дискурс ажыратылып, Ә.Кекілбаевтың тілдік тұлғасының ғылыми коммуникациясының негізгі дискурстық сипаттамалары анықталды; 4) алғаш рет жазушының дискурстық тәжірибесінде саяси дискурс ажыратылып, Ә. Кекілбаевтың тілдік тұлғасының саяси дискурсы зерттеледі; 5) Ә.Кекілбаевтың тілдік тұлғасының дискурсын талдау негізінде «Қазақстан» концептісі жазушының әлем бейнесінің дискурс құраушы концептісі ретінде айқындалады. Сондай-ақ алғаш рет Әбіш Кекілбаевтың полидискурсивтік (көп дискурсты) тілдік тұлғасының идиоглоссарийі жасалып, ұсынылды.

Зерттеудің **теориялық және практикалық маңыздылығы** оның тілдік тұлғаға тән белгі және әмбебап категория ретіндегі полидискурсивтілік (көп дискурстық) туралы ғылыми түсініктерді кеңейту қабілетінде деп танымыз. Зерттеу нәтижелері прагмалингвистика, когнитивтік лингвистика, дискурс теориясы, лингваперсонология сияқты лингвистикалық бағыттардың одан әрі дамуына, сондай-ақ тілдік тұлға болмысын дискурста көрініс табуы тұрғысынан зерттеу, сипаттау және модельдеу тәжірибесіне ықпал етеді. Алынған мәліметтер жазушы және көрнекті қоғамдық-саяси қайраткер Ә.Кекілбаевтың шығармашылық мұрасын түсіну мен бағалауды тереңдетуге, сондай-ақ оның сөйлеу тәжірибесінің ерекшелігін полидискурсивтік (көп дискурсты) тәсіл контекстінде анықтауға көмектеседі.

Зерттеуімізде қолданылған әдістеме, әдістер мен тәсілдер тілдік тұлғаны модельдеу және сөйлеу портреттерін жаңғырту сияқты мәселелерді қарастыратын басқа да салаларда қолдану үшін кең әлеуетке ие болып табылады. Бұл әдістерді әдебиеттану, лингвоперсонология, стилистика және басқа да өзара сабақтас пәндерде қолдануға болады.

Сонымен қатар зерттеу нәтижелері үлкен тәжірибелік мәнге де ие болып табылады және де диссертация нәтижелерін педагогикалық тәжірибеде Қазақстанның классиктері мен көрнекті тұлғаларының идеяларына негізделген ұлттық өзіндік сана мен ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға ықпал етуші әдістемелік құрал ретінде де қолдануға болады. Диссертациядағы кейбір идеяларды мәдени және тілдік бірегейліктің маңыздылығын түсінуге негізделген патриоттық тәрбиенің жаңа парадигмасын әзірлеуде негізге алуға болады. Зерттеу нәтижелері тіл мен әдебиет мамандарын дайындау үшін қызығушылық тудыруы мүмкін және бакалавриат пен магистратураның оқыту курстарында, дискурс-талдау,

когнитивті лингвистика, лингвоперсонология, дискурсология негіздері және басқа да сабақтас пәндер мен арнайы курстарды оқытуда қолдануға болады.

Диссертациялық жұмыстың жарияланымы және апробациясы (мақұлдануы).

Диссертацияның негізгі тұжырымдары мен нәтижелері халықаралық және республикалық басылымдарда жарияланды. Соның ішінде: ҚР ҒЖЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда – 4, Scopus халықаралық ғылыми деректер базасына кіретін журналда-1.

Scopus халықаралық ғылыми деректер базасына кіретін журналда жарияланған еңбек:

1. K. Iskakova¹, G. Kushkarova, B. Kurmanova, S. Sadykova, R. Zholmurzaeva. The Linguistic Personality of Abish Kekilbayev in the Context of Political Discourse (Based on the Material of Public Speeches), ISSN 1799-2591, Theory and Practice in Language Studies, Vol. 13, No. 2, pp. 376-384, February 2023, DOI: <https://doi.org/10.17507/tpls.1302.12>, <https://tpls.academypublication.com/index.php/tpls/issue/view/427>, Q2, <https://www.scopus.com/sourceid/21100314715>

ҚР ҒжЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда жарияланған еңбектер:

1. Искакова К.А., Евтюгина А.А., Кушкарова Г.К. Полидискурсивность как характерный признак языковой личности А. Кекильбаева. // Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана, серия «Филологические науки», № 4 (67) 2022. с. 86-101, <https://bulletin-philology.ablaikhan.kz/index.php/j1/issue/view/41>.

2. Искакова К.А., Оспанова Ж.Т., Ныгметова Б. Ғылыми дискурс шеңберіндегі тілдік тұлғаның коммуникативтік стратегиялары. // Ш. Уәлиханов атындағы КУ хабаршысы. Филология сериясы. №2. 2024, б. 52-66, <https://vestnik.kgu.kz/index.php/kufil/article/view/90/221>. URL: <https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss2pp52-66>.

DOI: 10.59102/kufil/2024/iss2pp52-66

3. Искакова К.А., Оспанова Ж.Т. Тактико-стратегическая организация научно-популярного дискурса (на материале публикаций А. Кекильбаева). // Вестник Евразийского гуманитарного института, №3, 2024, стр. 53-63, <https://ojs.egi.kz/BULLETIN/issue/view/45/73>, <https://ojs.egi.kz/BULLETIN/article/view/171>

4. Iskakova K., Kurmanova B. Factors of formation of virtual linguistic personality in the Kazakhstanian blogosphere. Tiltanym. 2024;(3):209-223. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-209-223> <https://www.tiltanym.kz/jour/issue/current>.

5. «Нито–Орал-2024 білім мен ғылымдағы жаңа ақпараттық технологиялар» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына қатысылды, (Екатеринбург (Ресей), 10-14 наурыз 2024 ж.).

Диссертацияның көлемі мен құрылымы қойылған мақсат пен зерттеу міндеттерінің логикасына сай анықталды. Диссертация жалпы 186 бетте мазмұндалған және кіріспеден, 3 тараудан, қорытындыдан, 262 атаудан тұратын пайдаланылған дереккөздер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

Диссертациялық зерттеу жұмысы келесі Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламалары мен зақнамалық-нормативтік актілеріне сәйкес дайындалған:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: Конституция 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды (актінің өзгертілген күні 01.01.2023).

2. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151 Заңы (актінің өзгертілген күні 20.08.2024);

3. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (актінің өзгертілген күні 01.09.2024).

4. Қазақстан Республикасында тіл саясатындамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы № 914 Қаулысы.

5. «Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы (актінің өзгертілген күні 14.06.2024).

6. «Жастарды 2030 жылға дейін әскери-патриоттық тәрбиелеу тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 24 қарашадағы № 1039 қаулысы.

7. Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 13 қыркүйектегі № 659 Жарлығы (17.04.2023 ж. өзгерістерімен).

8. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде № 28916 болып тіркелді (актінің өзгертілген күні 20.02.2023).

9. «Государственный общеобязательный стандарт образования Республики Казахстан. Высшее образование. Языки триединства (казахский, русский и иностранный языки)» (Кунанбаева С.С.) ГОСО РК 6.08.085-2010. -Алматы, 2010.